

ӘОЖ 372.881.1

## САН ЕСІМДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

**Асан Балжан**

[asan\\_balzhan1228@mail.ru](mailto:asan_balzhan1228@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультеті, 5В011700 «Қазақ тілі мен әдебиеті»  
тобының 4-курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі - Шынар Қапантайқызы

Қазақ тіліндегі әр сөз табының мән-мазмұнының, сипатының өзіндік алар орны ерекше. Тілімізде жалпы тоғыз сөз табы бар деп саналса, солардың ішіндегі басқа сөз таптарынан лексика-семантикалық, грамматикалық жағынан ерекшеленетін сөз табы – сан есім. Сан есімдер – сандық ұғымды білдіретін есімдер тобына жататын ерекше сөз табы. Қазақ тілінің негізін қалаушы, зерттеуші, ғалым А.Байтұрсынұлының 1914 жылы Орынбор қаласында жарық көрген

алғашқы көлемді «Тіл – құрал» атты еңбегінде сан есімге мынадай анықтама береді: «Кей сөздер нәрсенің санын атайды. Мәселен: бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, жиырма, отыз, қырық, елу, алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан, жүз және т.б.» [1,26]. Яғни, қандай да бір нәрсенің, заттың санын сұрағанда қанша? немесе неше? деген сұрақтарға жауап беру арқылы, қолданатын сөз табын – сан есім деп атаймыз. Сан есімді сөз табы ұстанымдары тұрғысынан алғанда, оның өзіне тән семантикалық мағынасы бар, яғни олар – сандық ұғымды білдіретін сөздер тобына жатады. Өмір сүріп жатқан қоғамда қолданатын заттар өте көп екені белгілі, демек зат болған жерде оның саны да қатар жүреді. Сан есім қандай да бір зат атауының алдынан тіркесіп, оның санын, нақтылығын білдіреді.

М.Томанов «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» атты еңбегінде де сан есім сөз табы жайлы мынадай анықтама берген: «Тіліміздегі сан, санақ, мөлшер жайлы ұғымды білдіретін сөздер бірнеше түрлі және құрамы жағынан да олар әр түрлі» [2] дей келе, сөз таптарының ішінде бір-біріне сай түспей немесе алшақ жататын да осы сан есім сөз табы екенін айтады. Ал, А.Ысқақов өзінің «Қазіргі қазақ тілі» еңбегінде жалпы сан есімнің негізгі функциясы анықтау қызметі болғандықтан, үнемі ол анықтайтын сөздерінен бұрын қолданылатынын, және де ешқандай морфологиялық өзгеріске түспейтіндігін айтады [3]. Және де қазақ тілінде сан есімді зерттеген Ә. Хасенов осы пікірді жақтай отырып: Түрік тілдеріндегі негізгі сөздік қорға жататын сан атаулары өмір шындығынан, нақты заттан алынған, яғни зат есімдерден шыққандығын айтады [4]. Әрине, бұл айтылып жатқан тұжырымдар жалпы сандық ұғымдардың дамуы математика ғылымының дамуымен байланысты, адамзат қажеттілігінен туды деген пікірге ешбір қайшы келмейді, қайта оны толықтырып, растай түседі.

Сонымен қатар, сан есімнің басты ерекшелігінің бірі – басқа сөз таптарынан жасалмауы. Барлық сан есімдер көбіне есептік сан есімдердің өзара тіркесіп немесе қосарланып, әр түрлі жұрнақтардың жалғануы негізінде қалыптасқан. Заттанған сөздермен тіркескен сан есім, оларды зат мөлшері жағынан нақтылап, айқындап, зат есімнің анықтаушы болады. Кейбір жағдайда сан есім зат есімсіз де қолданылады. Мұндай қолданыста сан есім заттық мағынаны, оның мөлшерін және сандардың өз атауы ретінде жұмсалады. Ал сан есімнің негізгі қызметі әр түрлі заттық ұғымдар мен құбылыстарды сандық тұрғыдан анықтау болғандықтан, көбінде морфологиялық өзгерістерге түспей қолданылады.

Жалпы қазіргі таңдағы білім беретін мектеп реформасының жүзеге асырылуы сапалы оқулыққа және онда берілетін ақпаратқа тікелей байланысты. Оқушылар үшін оқулық білімнің мазмұнын тасымалдаушы, яғни білімнің қайнар көзі болып табылады. Мұнда мектеп бағдарламасында қарастырылған негізгі ғылыми ұғымдар белгіленіп, мектепте оқуға бағытталған оқу материалының көлемі анықтала түседі. Сонымен бірге оқулық нақты білімдерді меңгеруге, оқу үдерісінде оқушылардың іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға, оқушылардың өз алдына жеке шығармашылық қызмет тәжірибесін игеруіне және өзіне қажетті ақпараттар табуына мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысымызда мектеп оқулықтарында сан есімнің қаншалықты қамтылғанын, әр оқулықта қандай тапсырмалар берілген, берілген тапсырмалар сан есімге қатысты ма деген сұрақтар төңірегінде талдау жұмыстарын жүргізетін боламыз.

Мектеп оқулықтарындағы сан есім жайлы берілетін мәліметтерге тоқталсақ, мәселен сан есім сөз табы ретінде 5 сыныптың үшінші тоқсанынан «Қазақ тілі» оқулығынан бастау алады. Ондағы берілетін анықтама мынадай: «сан есім – заттың санын, ретін, мөлшерін білдіретін сөз табы. Сұрақтары: қанша? неше? нешеу? нешінші? Сан есімдер құрамына қарай дара және күрделі сан есім деп, мағынасына қарай есептік сан есім, реттік сан есім, жинақтық сан есім, болжалдық сан есім, топтау сан есім, бөлшектік сан есім деп бөлінеді» делінген [5,111]. Бұл берілген анықтамадан сан есімге қатысты ең маңызды мәліметтердің берілгендігін, және де практикада түрлі мәтіндер арқылы сан есімді қолдануды үйренетінін көре аламыз. Сонымен қатар, сан есімнің мағыналық түрлері қамтылады. Жаңартылған білім бағдарламасы бойынша

тыңдалым және айтылым бөлімдері бойынша оқулықта берілген әр түрлі жанрдағы мәтіндерді талдап, сан есімге қатысты негізгі ойды анықтайды. Одан кейінгі оқулықтарда, яғни сынып жоғарылаған сайын сан есімнің синтаксистік қызметі, мағыналық топтарының ерекшеліктері мен сөйлемдегі орны тағы да басқа ақпараттармен күрделене түседі. Оқушы сан есімді тиімді әрі жеңіл игеріп алу мақсатында қазақ халқындағы түрлі киелі сандарға қатысты мәтіндер мысалға беріледі. Басты мақсаты оқушының мәтіндерді оқығанда тәрбиелік мән-мағынасымен қатар, сан есім сөз табын да жақсы әрі қызықты игеруіне көмегін тигізеді.

Қазақ халқының салт-дәстүрінде, мәдениеті мен әдебиетінде сандық ұғымдарға қатысты көптеген мақал-мәтелдер, аңыз – әңгімелер, түрлі оқиғалар мен мәтіндер бар. Мысалға, халқымыз киелі саналатын сандар қатарына үш, бес, жеті, он үш, тоғыз, қырық сандарын жатқызады. Әрқайсысына мысалдар келтіріп өтсек, тілімізде үш санымен байланысты аталы сөздер, тұрақты тіркестер бар. Қазақ халқы ер жігіттің үш жұрты бар дей келе, олар: өз жұрты, нағашы жұрты және қайын жұрты. Халық осы үш жұртына былай деп баға берген: «Өз жұртың – күншіл, бар болса – көре алмайды, жоқ болса – бере алмайды, жақсы болсаң – күндейді, жаман болсаң – жүндейді. Қайын жұртың – міншіл, қолыңның ұзындығына қарайды, жағанның қызылдығына қарайды, берсең – жағасың, бермесең – дауға қаласың. Нағашы жұртың – сыншыл, жақсылығына сүйенеді, жамандығына күйінеді. Әрқашан тілеуінді тілейді, тілеуқор, қамқоршы болады» деген жақсы ниеттерін көрсетіп отырған. Келесі бес санына қатысты, мұсылманның бес парызы, бес қару, бес қатер, бес борыш ұғымдары бар. Исламның негізгі деген бес парызы олар: Шахада (куәлік ету), намаз, ораза, зекет және қажылық. Бес қатерге от, жау, борыш, ауру, сөз жатады. Ұлы ақын Абай атамыздың өлең жолдарында да бес саны кездеседі:

*Бес нәрседен қашық бол,  
Бес нәрсеге асық бол,  
Адам болам десеңіз...  
Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Еріншек, бекер мал шашпақ,  
Бес дұшпаның, білсеңіз.  
Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат, рахым ойлап қой -  
Бес асыл іс, көнсеңіз.*

Бұдан бөлек, аптаның бесінші күні – жұма саналатыны да бәрімізге белгілі.

Ең жиі әрі көп қолданыста болатын киелі сан ол – жеті саны. Жалпы жеті қазына ертеректе көшпенді халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне байланысты қалыптасқан. Қазақ халқы жеті қазынаны ер жігіттің өмірімен байланыстырған. Сол себепті оған жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы, берен мылтық, қандыауыз қақпан, майланғыш ау, өткір кездікті жатқызған. Бұдан бөлек, халқымызда қасиетті жұма күні **жеті шелпек** пісіру дәстүрі бар. Жеті саны кейде жамандықпен де байланыстырылып жатады. Мысалы, қазақ «жұт жеті ағайынды» дейді. Халық жеті жұтқа мыналарды жатқызады: құрғақшылық, жұт (мал қырылу), өрт, оба (ауру), соғыс, топан су, зілзала.

Сан есімді мектеп бағдарламасында әр түрлі ойын технологиясында қолдану арқылы оқушының логикалық ойлау қабілетін арттырып қана қоймай, берілген тақырыптың толықтай ашылуына көмегін тигізеді бірден-бір тиімді құрал болып саналады. Себебі, ойын – бала әрекетінің бір түрі және ұлы педагогтер, ғалымдар баланы тәрбиелеудегі ойын рөлін жоғары бағалаған. Бала ойын арқылы өмірге қызыға еніп, тың ақпараттармен білімін толықтыра түседі. Тиімді әрі нәтижелі саналатын дидактикалық ойындарды қолданудың да маңызы зор. Себебі, дидактикалық ойындардың басқа ойындардан ерекшелігі, оның негізгі мақсаты – баланы оқыту, олардың ойлау қабілеттерін жаттықтыру және дамыта отырып, игі қасиеттерді

дәріптейді. Мысалға ең қарапайым «миға шабуыл» әдісінен бастап түрлі «ойлаудың алты қалпағы», «төрт сөйлем тәсілі» және де интерактивті тапсырмалар арқылы түрлі ойындар арқылы сан есімнің толықтай мазмұнын ашуға ойындар құрастыруға болады.

Қазіргі таңдағы жаңартылған білім беру жүйесі бойынша оқулықтарда мәтіндер көптеп берілгендіктен, осындай түрлі әдіс-тәсілдер арқылы ойындар ұйымдастырып, тақырыптың толық ашылуына үлкен мүмкіндіктер туғызады. Сонымен қатар, сан есімді дамыған заманда, яғни цифрлы ақпаратты кезеңде тиімді оқыта білу, балаға түсінікті әрі қызықты деңгейде жеткізу үшін түрлі интерактивті қолданбаларды қолдануға болады. Мысалға, ағылшындықтар ойлап тапқан «Kahoot», «Quizlet», «Quizizz» секілді бағдарламалармен түрлі ойындар құрастырып, сан есімнің әр мағыналық топтарына сай тест немесе жұмбақ жасыру секілді әр түрлі әдістерді қолдануға болады. Балаға бұның қандай пайдасы, жақсы жақтары бар десек, біріншіден визуализациялық қабілеті артады, логикалық ойлау қабілеті дамиды, әрі түрлі ойындар арқылы балаға қызықты болып, жаңа тақырыпты оңай әрі жеңіл тілде түсініп алуға жағдай жасалынады. Бұндай ойын технологиялар қолдану оқушыларға оң әсерін тигізеді, әрі пайдалы болары сөзсіз.

Қорытындылай келе, сан есімді мектеп қабырғасынан бастап қазіргі заманауи дамыған дәуірде түрлі ойын технологияларын қолдана отырып, балаларға жаңа тақырыпты қызықтыра отырып, тақырыптың толық мазмұнын ашып, олардың логикалық ойлау қабілеттерін арттырып, жан-жақты дамытуға жағдай жасау қажет. Мұндағы басты мақсат, тақырыпты түсіндірудегі бұрыннан қалыптасып қалған дәстүрлі тәсілдерді алмастыратын жаңа технологиялық ойындарды ұйымдастыра отырып, жаңа деңгейге көшу, жаңа белеске көтерілу болып табылады. Осы әдіс-тәсілдер мен ойын технологиясын тиімді қолдану болашақ жас ұстаздар алдындағы үлкен міндет болып саналады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. – Алматы, «Сардар баспасы», 2009.
2. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Павлодар, 2010.
3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Павлодар, 2010.
4. Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы, «Санат баспасы», 2003.
5. Қапалбек Б, Жолшаева М, Мадиева Т. Қазақ тілі, 2-бөлім. Алматы: Мектеп, 2017.